

Балабақшадағы жалпы ата-аналар жиналысының жоспары

2023-2024 оқу жылы

№	Жиналыс тақырыптары	Мерзімі
1	«Ата-ана, бала, балабақша – үштігі» Мақсаты: Ата-аналардың білім беру процесіне тарту, педагогикалық ұжымның алдында тұрған міндеттерді бірге шешуге шақыру, ата-аналардың балабақша өміріне деген қызығушылықтарын арттыру және бірлесе жұмыс жасауға тарту, тегін тамақтану туралы ақпарат беру.	Қыркүйек
2	«Бала қауіпсіздігі-басты назарда» Мақсаты: ата-аналарды бала қауіпсіздігін сақтауға, өмірі мен денсаулығын қорғау қажеттігі туралы баяндама оқу, бала қауіпсіздігі әрдайым бірінші орында екенін ұғындыру. Балалар тасымалы көлігінің дұрыс ұйымдастырылуын қамтамасыз ету.	Қаңтар
3	«Балабақша мен отбасы: бірлескен тәрбиенің нәтижесі» Мақсаты: Оқу жылы барысында қол жеткізілген нәтижелерді қорытындылау, ата-аналардың тәрбиелік үдеріске белсенді қатысуын ынталандыру және бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілікті нығайту.	Мамыр

**«Дарын» ЖК «Happy kids» жеке балабақшасы
№1 жалпы ата-аналар жиналыс
хаттамасы**

Мерзімі: 12.10.2023 ж

Қатысушылар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, ата-аналар

Тақырыбы: «Ата-ана, бала, балабақша – үштігі»

Мақсаты: ата-аналардың білім беру процесіне тарту, педагогикалық ұжымның алдында тұрған міндеттерді бірге шешуге шақыру, ата-аналардың балабақша өміріне деген қызығушылықтарын арттыру және бірлесе жұмыс жасауға тарту, тегін тамақтану туралы ақпарат беру.

Күн тәртібі:

1. Ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтау.

Балабақшасының педагогтарымен таныстыру.

Меңгеруші: Н.А.Байхатова

2. Ата-аналарды балабақшасының өмірімен, күн тәртібі, ҰІӨ кестесімен, балаларды жасына сай топтарға үйлестіруімен таныстыру

Әдіскер: З.М.Аблаева

3.Ойын - тренинг «Қадам жаса»

Тәрбиеші: К.К.Калмиярова

Қамқоршылық кеңес ұйымын сайлау.

Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1.Бірінші мәселе бойынша балабақшасының меңгерушісі Н.А.Байхатова сөз беріледі. Жаңа оқу жылымен құттықтап балабақшада қызмет атқарып жүрген педагогикалық кадрмен таныстырды.

Балабақшада 8 педагог маман, оның ішінде 1 меңгеруші, 1 әдіскер, 6 тәрбиеші және.

2. Келесі күн тәртібі бойынша Әдіскер З.М.Аблаева сөз берілді.

Құрметті ата-аналар, бүгінгі «Ата-ана, бала, бөбекжай – үштігі»

атты жалпы ата-аналар жиналысына қош келдіңіздер!

Сіздерді жаңа оқу жылымен шын жүректен құттықтаймын! Бүгінгі күні алдымызда томпаңдап жүгіріп жүрген балаларымыздың ертеңгі күні жарқын болсын.

Биылғы 2023-2024 оқу жылында балабақшада 3 топ жұмыс жасайды.

Ортанғы, ересек және МАД тобы жасақталған.

Балабақшада ұйымдастырылған іс-әрекеттері мемлекеттік құжат Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Жалпыға Міндетті Білім Беру Стандартын негізге ала отырып іс-әрекеттер кестесі бекітіліп күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттер жүргізіледі.

Балабақшада күнделікті ертеңгілік жаттығулар, күн сайын мемлекеттік әнұран айтумен басталады. Жылдық жоспарға сай ашық есік күндер ұйымдастырылады. Ашық есік күндері ата-аналар балабақшадағы балаларыңыздың 1 күндік күндерін бақылай аласыздар.

3. Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші К.К.Калмиярова ата-аналар арасында ойын-тренингін өткізді. Ата-аналар тренингтен жақсы әсер алып, ойларымен бөлісті.

5.Бесінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес ұйымын сайлау. Жалпы балабақша бойынша ата-аналар комитетін сайлау тақырыбы талқыланып мүшелері тағайындалды.

Ата-аналар комитетінің төрайымы Жумағалиева Ақторғын ханым ата-аналар қалауымен 2023-2024 оқу жылына сайланды. Қамқоршылық кеңес мүшелері сайланды.

- Шешімі:

Білім беру процесіне ата-аналар үнемі тартылып отырсын
Қамқоршылық кеңес мүшелері балабақшамен тығыз қарым-қатынас орнатылсын.

Бүгінгі өтілген ата-аналар жиналысы бойынша қортынды жасалды.
Ешқандай ата-аналардан қарсылық болған жоқ. Барлық жағдайға келісті.

меңгеруші:

хатшы:



Н.А. Байхатова

З.М. Аблаева



«Дарын» ЖК «Happy kids» жеке балабақшасы

«Дарын» ЖК «Happy kids» жеке балабақшасы №2 жалпы ата-аналар жиналыс хаттамасы

Мерзімі: 27.02.2024 жыл

Қатысушылар: меңгеруші, әдіскер, ата-аналар

Тақырыбы: «Бала қауіпсіздігі-басты назарда»

Мақсаты: ата-аналарды бала қауіпсіздігін сақтауға, өмірі мен денсаулығын қорғау қажеттігі туралы баяндама оқу, бала қауіпсіздігі әрдайым бірінші орында екенін ұғындыру. Балалар тасымалы көлігінің дұрыс ұйымдастырылуын қамтамасыз ету.

1.Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Н.А.Байхатова сөз алды. Ата-аналармен амандасып, бала қауіпсіздігіне қатысты түсіндірме жасады. Ата-аналар тарапынан ұйымдастырылған балалар тасымал көлігіне байланысты барлық жауапкершілікті ата-аналар өз мойындарына алу қажеттігін ескертті.

Балалардың жарты жылдық жетістіктері туралы есеп

Балалар оқу бағдарламасында жақсы нәтижелер көрсеткені атап өтілді

Балалардың эмоцияларын байқау, түсіну, және қолдау көрсету бойынша ұсыныстар айтылды.

Шешім:

1. Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ата-аналарға қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау ұсынылсын.
2. Балалардың эмоционалдық жағдайына көңіл бөліп, оларды қолдау және дамыту бойынша ата-аналар мен педагогтердің бірлескен жұмысы жалғастырылсын.
3. Бала қауіпсіздігі мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қолға алынсын.

Жиналыс төрағасы: Н.А.Байхатова

Хатшы: З.М.Аблаева



**«Дарын» ЖК «Happy kids» жеке балабақшасы
№3 жалпы ата-аналар жиналыс
хаттамасы**

Жалпы ата-аналар жиналысы

Тақырыбы: «Балабақша мен отбасы: бірлескен тәрбиенің нәтижесі»

Мақсаты: Оқу жылы барысында қол жеткізілген нәтижелерді қорытындылау, ата-аналардың тәрбиелік үдеріске белсенді қатысуын ынталандыру және бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілікті нығайту.

Өткізілген күні: 27 сәуір 2024 жыл

Өткізу орны: Балабақша мәжіліс залы

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, ата-аналар

Төраға: Балабақша меңгерушісі

Күн тәртібі:

1. Балабақша мен отбасының бала тәрбиесіндегі өзара ынтымақтастығы.
2. Ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың қорытындысы.
3. Балалардың оқу жылы бойындағы жетістіктері мен даму нәтижелері.
4. Ата-аналардың ұсыныс-пікірлері және алдағы міндеттер.

Тындалды:

1-мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі Н.А.Байхатова сөз сөйлеп, бала тәрбиесіндегі отбасы мен балабақшаның бірлескен жұмысының маңыздылығына тоқталды. Баланың жан-жақты дамуы үшін ата-ана мен педагогтердің өзара түсіністік пен ынтымақтастықта жұмыс істеуі қажеттігін атап өтті.

2-мәселе бойынша:

Әдіскер З.М.Аблаева оқу жылы барысында ата-аналармен ұйымдастырылған іс-шаралар, сауалнамалар, ашық есік күндері, мерекелік шаралар және бірлескен жобалар туралы есеп берді. Ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысуы балалардың тәрбиесі мен дамуына оң әсер еткендігі айтылды.

3-мәселе бойынша:

Тәрбиешілер тәрбиеленушілердің оқу жылы ішіндегі жетістіктері, шығармашылық жұмыстары, танымдық белсенділігі және әлеуметтік дағдыларының даму деңгейі туралы ақпарат берді. Балалардың түрлі байқаулар мен мерекелік іс-шараларға қатысу нәтижелері таныстырылды.

4-мәселе бойынша:

Ата-аналар балабақша ұжымына алғыстарын білдіріп, оқу-тәрбие жұмысына қатысты өз ұсыныстары мен пікірлерін ортаға салды. Балалардың қауіпсіздігі, сапалы тәрбиесі мен білім алуы бойынша сұрақтар талқыланды.

Қорытынды:

Жиналыс барысында балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы балалардың жан-жақты дамуына, тәртіпті, тәрбиелі және белсенді тұлға болып қалыптасуына ықпал ететіні атап өтілді. Ата-аналар мен педагогтер арасындағы серіктестік қарым-қатынас оң нәтиже бергені анықталды.

Шешім:

1. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту.
2. Ата-аналарды оқу-тәрбие үдерісіне белсенді тарту жұмыстарын жалғастыру.
3. Балалардың жетістіктерін қолдау және дамыту бойынша бірлескен іс-шараларды көбейту.
4. Ата-аналармен кері байланысты тұрақты түрде ұйымдастыру.
5. Оқу жылының қорытынды нәтижелерін қанағаттанарлық деп есептеу.

Менгериші: Н.А.Байхатова

Әдіскер:  З.М.Аблаева



